

**«Евразия» СК» АҚ
Басқармасының шешімімен
бекітілген
2026 жылғы _____ хаттама**

**«Евразия» СК 30 жылдық мерейтойына орай
«Каско үшін автомобиль» ұтыс ойынын өткізу
шарттарына
№ 1 өзгерістер мен толықтырулар**

Алматы, 2026

«Евразия» СК 30 жылдық мерейтойына орай ұтыс ойынын өткізу шарттарына (бұдан әрі - Шарттар) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Шарттардың 2.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«**2.3.** Ұтыс ойынына осы Шарттардың 3.9-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, 2025 жылғы «01» мамырдан бастап 2026 жылғы «31» тамызды қоса алғандағы кезеңде мынадай тәртіппен жасалған Шарттар қатысады:

2.3.1 Ұтыс ойынының I және II кезеңдеріне 2025 жылғы «01» мамырдан бастап 2025 жылғы «31» қазанға дейінгі кезеңде жасалған Шарттар қатысады;

2.3.2 Ұтыс ойының III және IV кезеңдеріне 2025 жылғы «01» қарашадан бастап 2026 жылғы «31» тамызға дейінгі кезеңде жасалған Шарттар қатысады.»

2. Шарттардың 3.8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«**3.8.** Ұтыс ойыны 4 (төрт) кезеңде өткізіледі. Ұйымдастырушы әрбір кезеңді өткізу күнін дербес белгілейді:

3.8.1. I кезең, 2025 жылғы тамыз - Екінші дәрежелі жүлделердің ұтысы: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаттары, сондай-ақ 30 (отыз) көтермелеу жүлделері.

3.8.2. II кезең, 2025 жылғы қараша - Бас жүлде, сондай-ақ екінші дәрежелі жүлделер ұтысы: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаттары, сондай-ақ 30 (отыз) көтермелеу жүлделері.

3.8.3. III кезең, 2026 жылғы сәуір - Екінші дәрежелі жүлделердің ұтысы: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаттары, сондай-ақ 30 (отыз) көтермелеу жүлделері.

3.8.4. IV кезең, 2026 жылғы қыркүйек - Бас жүлде, сондай-ақ екінші дәрежелі жүлделер ұтысы: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаттары, сондай-ақ 30 (отыз) көтермелеу жүлделері.»